

ӘОЖ 81' 373.422/512,122

A.E. ЖУСПОВ

ҚАЙШЫЛЫҚТЫҢ МОНОЛОГ, ДИАЛОГ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Арнайы енбектерде қарама-қарсылық салыстырудың бір түрі: салыстыру – текке қатысты түрі ретінде де талданады [1]. *Спортыши тәжірибесіз, алайда дарынды* деген сөйлемде салыстыру бар. Басқа тұжырымға сай салыстыру, қайшылықпен бірге асимметриямен байланыста болады; *Спортыши тәжірибесіз, алайда дарынды; Бастық мейірімді, алайда қу сияқты мысалдарда қайшылықтың түрі ерекше, айырмашылығы* бар.

Салыстырмалы семантық көпқырлы ұсынысы материалға тән және оның шектелуін талап етеді. Материалдың негізгі бөлігін сараптамастан бұрын, салыстыру, нақтылаудан туындаған мысалды беріп отырмыз:

«Озі туралы ол (Рамазан –А.Ж.) көп айттайтын: шешем – аспаз, әкем – мүгедек. Бұл шындық, дегенмен түгелдей емес-ау: анасы қара жұмысымен кесек нан тауып жүрген қалалық асханаңдағы қарапайым емес, дастарханы ас-тагамнан еш босамайтын өз үйіндегі аспазшы. Әкесінің мүгедек екені рас-ау, тек ол полковник шенінде; оның зейнетақысы он-шақты мұрынбоқ бала-шаганы асыруға артығымен жететін. Рамазан болса тума сынан жалғыз, соңдықтан үйдегі бар мен жоқ соның асты-устінде (Т.Нұрқанов).

Әзін қарама-қайшы сипаттап тұрған Рамазанға (кейде 1-ТТ кедей субъект; кейде 2-ТТ «жана казак» ретінде) (бұл жерде ТТ – тілдік тұлға; 1 - бірінші де 2 - екінші) келесі корреляция тән: әкесі мүгедек - әкесі полковник; «зейнетақысы он шақты мұрынбоқ бала-шаганы асыруға артығымен жететін», анасы – аспаз – «дастарханы астагамнан еш босамайтын» үйдің иесі.

Әр жүптағы мағынаның тек біреуі ғана тілден тыс шындыққа жанасады, ал келесінің тек көмексілеу сипатында жұмсалады. Туыстары мен өзін 1-ТТ ретінде көрсеткісі келетін кейіпкеріміздің дауысы басқа контекстідегі 2-ТТ және автордың дауысына қарама-қайшы. Дискурс ауқымында Рамазан қарама-қайшы тілдік тұлға деп қабылданады.

Атауыш арасындағы байланысты біріктіруші грамматикалық бірлік тұлғаның қарама-қайшылығын қамтамасыз етеді. Бұл бірлік аллегория-

лық мағынаның ығысуымен сипатталады. Онда, біріншіден, «бұл шындық, бірақ түгелдей емес-ау» арнайы құрылымымен берілген нақтылау макросемасы және онымен сыйысатын грамматикалық байланыстар қатысады. Сол кезде, екіншіден, салыстырмалы семантика анықталады. Дискурста берілген сыйысқан қатынастар ауқымды үзіндіде шоғырланған: *Әкесінің мүгедек екені рас-ау, тек ол полковник шенінде...*

Предикаттық анықтауыштық реңдегі полковник шенінде деген таратушы әкесі деген предикаттық анықтауыштық сөзбен қатынастың екі қырын ашады. Бір қыры – компонент арасындағы байланысқа нақтылаудың қатынасуы. Жалпы мен жеке қатынасты сипаттаушы синтаксистік тұрғыдан біртилес құрылымдарды салыстырайық (мүгедек референттік кеңістікке қатысты полковник референттік кеңістігі): (1а) Әкесі расында да мүгедек, алайда полковник шенінде; (1ә) Әкесі расында мүгедек болатын – полковник шеніндегі.

Мысалға келтірілген алайда шылауы бар және шылаусыз өзгерілген сөйлемдерде (1а, 1ә) нақтылау семантикалық грамматикалық доминантасы сақталған, сонымен бірге қайшылық туындаған. Алайда бастапқы құрылымда тек деген қарама-қарсылық мағынасын жоғалтпаған шылаудың болуы тегіннен емес. Сол қатынастың салыстырмалы екінші қырын анықтайды.

Екі шындық: жалпы және Рамазан кейіпкері құрастырған (немесе, дәстүрлі терминология бойынша: шындық пен жартылай шындық, шындық пен жалғандық) салыстырылған. Қайшылықтың категориялық мәні *рас-ау* сөзінің семантикасымен сақталған. Осы жерде *емес-ау, рас-ау* сөздеріндегі *аудемеулігінің қайшылықты* тереңдете түскендігі қуантады. Жалпы мәтінге ерекше бір рен береді. Мысалдағы жалпы мен жекенің реңдері қарама-қайшы, құрылымда өте қайшы сипаттардың сыйысуы бар, оның бірі – кейіпкердің дауысы да, екіншісі: *«озі туралы айттын:... әкем – мүгедек... әкесінің мүгедек екені рас-ау, тек ол полковник шенінде...»* деген автордың дауысы. Осының нәтижесінде тұлғаның

қарама-қайшылығы нақты түрде белгілі болады.

Шешесі аспаз үзіндісіндегі нақтылау мен салыстыру да осы іспеттес; осындаи сөйлемде салыстырмалы категориялық семантиканы сипаттаушы *емес* шылауы. Салыстырмалы мағынаның басқа да тілдік бірліктермен күрделенуі қосымша сараптауды қажет етеді.

Тұлғалық қарама-қайшылықты білдіретін қарапайым құрылымдарды талдайық. Алдымен жалпы қасиеттерін белгілейміз, содан соң жеке, ерекше қасиеттеріне өтеміз.

Монолог шенберіндегі салыстырмалы категориялық мағынаның жүзеге асуы негізгі екі топқа бөлінеді. Негізгі – қарама-қайши тілдік тұлға қарама-қайши жақтарының семантикалық синтаксистік ерекшелігі, яғни 1-ТТ және 2-ТТ: алғашкы топқа атауыштың біргіуймен сипатталатын күрделі ТТ құрайды және оның қарама-қайши сипаттамасы салыстырылатын құрылымдық ортаға бөлінген, басым жағдайда олар синтаксистік симметриялы болады. Бұл топты келесі шартты графикалық бейне сипаттайды:

S1n1 – P1 емес, P1. Бұл жерде S1 субъект бейнесі ретінде болуы мүмкін түрлі синтаксистік позициялар ұсынылған, қарама-қайши тілдік тұлғамен толтырылатындар. Таратушы/предикат Р бейнесі де тілдік тұлғаның болуы мүмкін түрлі синтаксистік жағдай, актанттар сипатталған, оның ішіне атрибутивтік, нысандық, синкерттік және тб. енеді. Бейнелі түрді берілген *тек* шылауы – шылаусызықты қосқандағы салыстырмалы семантиканы сипаттаушы тәсілдердің нұсқау түрлері. Үтір – қандай да бір пунктуациялық белгінің бейнесі, сыйық – синтаксистік байланысты білдіреді. n1 бейнесі тілдік тұлғаның ортақ атауышын көрсетеді.

Екінші топ – күрделі ортақ тілдік тұлға түрліше аталатын, ал оның құрылымдық сипаты салыстырылатын құрылымдық ортаға бөлінген құрылымдар. Алғашкы қасиеті – атауыштағы өзгешелік – (1) және (2) топтарын айырады, салыстырудың сыйбалық семантикасы үшін сипаттамадағы айырмашылық қана емес, сонымен бірге тілдік тұлға атауыш, субъектінің мағыналық рендері де манызды. Келесі қасиеті – екі құрылымдық орталық бойынша бөлінуі – қарастырылатын екі топты жақындастырады.

Екінші топты шартты графикалық бейне қорытындылайды, онда жоғарыда көрсетілгендерден басқа бір ғана қарама-қайши тілдік тұлғаның n1 және n2 сияқты түрлі атауыштары сипатталады.

S1n1 – P1, S1n2 – P1 емес. Осы қарапайым құрылым дискурста бірнеше мәрте қолданыла алады, ал ол оның ішкі ерекшелігін жоймайды. Микромәтіндегі екі топтың қасиеті түрліше жұмсала алатындығын да айта кету керек. Салыстыру макросемасы, салыстырылатын екі орталық түрліше тәсілмен сипатталуы мүмкін.

Қайши тілдік тұлғаның (ҚТТ) қандай да аспектілеріне көніл бөлетін дискурстың ерекшелігін атая келе бөлінген екі топты сипаттаймыз. Екі сыйбаның бір бірлігі мен оған байланысты аспекттің сәйкестігі: ҚТТ ұсынудың женілдігі мен қыындығы, 1ТТ және 2ТТ арасындағы байланыстың тығызыдығы, осы құралдардың бағыты, 1ТТ және 2ТТ және ортақ ҚТТ референциясының контекстік қолдауы сипатталады.

Монолог шенберіндегі салыстырмалы категориялық мағынаның жүзеге асатын бірінші тобынан қарама-қайши тілдік тұлғаның атауышы өзгеше болады. Медиамәтіннен алынған келесі мысалда белгілі, әйгілі қофам, мәдениет қайраткері, актердің тілдік тұлғасын автор қарама-қайши деп таниды, оны екінші тілдік тұлғаның пікірі қолдай түседі. Шылаусыз берілген салыстыру арқылы субъектінің қарама-қайши қасиеттері шоғырлана, қоюлана түседі. Қарама-қайшылықты макромәтін де қолдайды – курсивпен берілген бір-бірін жоққа шығаратын деген үзіндіге назар аударыныздар.

«...Асанәлінің кейіпкеріне сөзсіз сенесін: ол рольдерді ойнамайды, өзінің сан қырлы тұлғасын айқара ашып береді: *Мейірімді – қатігез, адал – сатқын, ... батыл – ынжықтау, арлы – қу, аңқау – кірпіяз, қөңілді – мұңайған....* Осы сияқты бір-бірін жоққа шығаратын әпитеттерді ұзыннан-ұзак соза бер, соза бер. Соның бәрі де шындық...» (Жас Алаш). Бір ғана «Транссібір экспрессінде» сомдаған жалғыз роліндегі түр-түрлі «сиқы» еш адамды бей-жай қалдыра алмайды. Қарама-қайшылыққа толы (бұл жерде, әрине, барлаушылық қызметіне қарай құбылып тұрғанын ескереміз) кейіпкерді сомдауы жоғарыда берілген сипаттамасына толықтай сай келеді.

Дискурста *P1 емес, S1n1 – P1* сыйбасы алтынан қолданылған. Бойында мол қасиетті шоғырландырған тұлға туралы сөйлеушілер бір-бірін жоққа шығарушы сипаттама: предикат пен контрапредикаттың сыйысуын атап өтеді. Нақтырақ айтсақ: *S1n1 Асанәлі – P1 мейірімді, P1* қатыгез емес (яғни мейірімді емес) және т.с.с.

Тұлғаның қарама-қайшылығына коммуникативтік үдерістің басқа да қатысушылары тілдік

бага берген, бұл қарама-қайшы тілдік тұланың табиғаты. Контекстіде аталған Асанөлі Әшімовтің тілдік тұлға ретіндегі көпқырлылығы тек қарама-қайшылық кезінде ғана сыйысады. Тілдік тұлғаның бұл қырлары предикаттық сипаттамамен берілген. Қарама-қарсылықтың ұлғаюы қайшы тілдік тұлғаның заңды сипатын бекіте түседі.

Қарама-қарсылықтың нақты ретіне қарама-қайшы жүптардың ашық сипаты өсер етеді, жоғарыдағы мысалдағы ұзыннан-ұзақ соза бер, соза бер келтірілгендей алты ғана жүппен шектеліп қалмайды.

Қалыптасқан қайшылық тұтастық жарқын тұлға туралы көзқарасты бекіте түседі. Ақылды, адад, батыл, көнілді іспепті жағымды: қарама-қайшы сөздер арқылы ерекше ашыла түседі, қарама-қайшы жұбынсыз олар әлемнің тілдік бейнесінде дұрыс қабылдана қоюы екіталаі болар еді.

«- Иә, не болып қалды?

- Білмеймін, жүрек дейді...

- Бәрі де құдайдың ісі, - деп күрсінді Смайыл, есіне тағы Еркін түсті. – Менен не көмек керек?

- Мен оларға (дәрігерлерге – А.Ж.) сене коймаймын. Байғұс анада жылап-жылап көз жасы да қалмаған, бірденеге ренжулі, дауысы тіпті катулы шығады. – Болатым қандай асыл еді: не жүргегі, не бүйрек ауырған емес... Басында нашаны шамадан тыс қолданған деп бір соқты. Қайдағы наша, сортын да көрмеген ауылдың баласынан... соларды қойшы. Дәрігерлерге дұрсे коя бергенімде бүйрекінен, содан соң жүргегінен кеткен деп мінгірледі ғой (А.Қаржасов).

Контекстіде бір субъекті, дәрігер түрлі көзқарас арқылы сипатталады: олар, әрине, бір-біріне қайшы, тіпті сыйыспайтын пікірлер (ол кейінірек кең контекст кезінде анықталады) және шешесінің сөзі арқылы берілген (бұл жерде әңгіме таратушы) тұжырымы: «басында нашаны шамадан тыс... бүйрекінен, содан соң жүргегінен...».

Жалпы сызбасын былайша беруге болады.

S1n1олар – P1 бүйрекі туралы, P1 жүргегі туралы (яғни бүйрекі туралы емес).

Бүйрекі туралы, жүргегі туралы деген семантикалық қайшылықпен толықкан таратушының үзіндісі салыстырмалы орталығымыз. Ал негізгі, түпкілікті, (біздін жағдайда түбіне жеткен) қорытынды қайшылықты контекст арқылы түсінеміз. Стандарттық нысандық мағына орны мен контекстік, себептік сыйысады: *он екіде ғұл*

ашылмаган, ешқашан ауру дегеннің не екенін білмеген жас-жас баланың өмірден өту себебі осы позициялардың толығуымен байланысты (Дәрігерлер себебін біле тұра, бір-біріне қайшы өтірік диагнозды айтуға мәжбур). Салыстырмалы мағына өзінің категориялық сапасын сактайды, дәл сол қарама-қайшылық шартын қамтамасыз етеді.

Салыстырмалы категориялық мағынаны жүзеге асыруши алғашқы топты жалпылама сипаттауға көшелік.

P1 емес, S1n1 – P1 сызбасы еркін коммуникация кезінде де, қалыптық жағдайда да өзіне тән қасиетін сактайды. Егер жоғарыда берілген Асанөлі туралы еркін коммуникация кезінде ҚТТ көрініс реті ауқымдық, көлеммен, қайталанумен берілсе, келесі мысалда осы рет санын қорытынды растайды.

Тұлғаның екіге бөлінуі, «полюстерінің сыйысуын» қалыптан ауытқушылық, яғни девианттықпен байланыстырады [2;55], [3;22-23], [4]. Шектердің бірлігін, яғни осы байланысты қалыпты тілдік тұлғаның тілдік көрінісінен ап-анық байқауымызға болады [5;39]. Ақпараттық, әлеуметтік мәдени кеңістікте девианттыққа (қалыптан ауытқушылыққа) жол аштын тілдік жағдайлар анықталады. Осы аспекттіге орай әлемнің тілдік бейнесінде билеуші топтар анықталды, олардың түрлі ақпараттық коммуникативтік жағдайда (бұқара алдында сөйлейтін сөз, митингі мен шерулердегі әңгіме, бұқаралық құрал арқылы қатынасу, топаралық және тұлғааралық дау-дамай) қолданылатын манипуляциялық технологияларда кездесу жиілігі жоғары. Олар адам психикасына құшті өсер етеді және де девианттық ұстанымды насиҳаттауда жиі қолданылады. Қарама-қайшы тілдік тұлғада разында девианттық қасиеттер туындауы мүмкін.

Біз қарастырып отырған бірінші топ басқа да жағдайда маңызды болады. Жоғарыда айтылған аспекттіге тоқталық, ол бірінші сызбамен: ҚТТ түсіндірудің женілдігі мен қыындығы, 1ТТ мен 2 ТТ арасындағы байланыс тығыздығы, сәйкес құралдардың бағытталуымен байланысты.

«Дәү кара қақпа Ермекті сыртына қалдырып автоматтты түрде жабылды. Қыска жең жайде де, шортты да дүниенің кілтін ұстап түрған бай бизнесменнен аумай қалған. Ыстық көлге бар жұмыстап бір дем алу үшін келген сыйналы.

Шынтуайты болса өзгеше – мына зәулім үй, коршаған тамаша табиғи көрініс оның еншісі емес-тін. Ол – байлық қорыған жай ғана қайыршы күзетші (Т.Ахметов).

Ермек атты қарама-қайшы тұлға болса шылауын қолдана отырып автор дауысымен және 1ТТ - бай бизнесмен, 2ТТ – қайыршы күзетші қарама-қайшы предикаттық сипаттаушы арқылы берілген.

«Зере келесі баспалдакқа аттағалы тұрып, раянын қайтты. Шындығында ол Ермектің ескертпесін есіне түсірді: «Бір жерден қателік жіберсен – мен де осы жерде қаламын, сен де өмірінмен қоштаса бер. Олар («байыпты батыр» бұзықтар, жаңа қазақтардың қол балалары – А.Ж.) сырт қөзге ғана адам, ал негізі – нағыз жыртқыштар. Ішінде жабайысы да, қолға үйретілгені де бар, бірақ айырмашылығы шамалы – өсірепе үйретуші алыста болғанда...» (Т.Ахметов).

1ТТ және 2 ТТ арасындағы адам-жыртқыш байланысты сипаттау кезінде ал шылауы мен сырт қөзге –негізі таратушылары арқылы берілген. Олар екі референттің: сыртқы, ішкі – терен, негізгінің соқтығысын білдіреді. Төрт предикаттық бірліктің заңды жалғасы ретінде төрт өзара байланысқан сәйкес семантикалық терен пропозиция - 2ТТ референциясы қолдайды. Себебі жалпы жағдаяттық мән мен одан шығатын қасиеттерді ашу үшін 2ТТ (жыртқыш) өте маңызды.

Мына мысалда кейіпкер, Майра, бастапқыда Тілектестің (әлі бейтаныс) баратын жеріне жеткізіп салайын деген ұсынысынан бас тартты. Содан соң, бірден емес, бірақ тез-ақ келісті. Әр шешімі бірдей – *рахмет* – ілеспесімен берілген, әрқайсысы қолемді әрі шынайы уәжбен қосталған. Құрделі тұлғааралық катынастың заңды қорінісі арқылы қарама-қайшылық ашылады. Тұлғаның қайшылығын уәж терендете түседі: «Отырыныз, мен жеткізіп салайын, – деп бұйырды ол (Тілектес), әлдеқандай көнілсіз шараны орындағалы тұрғандай, немқұрайлы, бапты дауысымен //Ыңғайсыздыққа ұшраттым-ау деген ой Майраға тым кеш келді. Сөйлескен еken, көмек ұсынбаса болмайды. Күзетшілерін жібере алмайды – олар оны күзетулері керек. Ол бұны үйіне жеткізіп салу деген не ой. Мүмкін емес. Бұның қатарындағы адам көліксіз қалған қыздарды үйіне апара бермейді. Секеновтен сыбағасын молынан алатын болды, сайтан алғыр, мүмкін емес, мүмкін емес! *Майра:* тез әрі қатаң түрде бас тарту керек деп бұйырды өзіне. – *Рахмет*, Тілектес ағай, – деп мінгірледі ол, – мен қалаға таксимен жетемін, *рахмет*. – Түсінбедім, – деді ол бір сәттік үзілістен соң, – Сіз менімен керісейін деп тұрсыз ба? (ә) – *Рахмет*, Тілектес ағай, деп сыйырлады да сөмкелерін сүйретіп джипке міне бастады.

Түсінбедім, – деді ол бір сәттік үзілістен соң, – Сіз менімен керісейін деп тұрсыз ба?//Бәрі түсінікті болды. *Тілектес Салықов ұсынган кезде бас тарту дегенің ақымақтық, Тырысу дегенің – күлкілі. Тезірек орындау керек, созатын уақыт жок.*//Содан соң ол өзін өуестігі үшін артынан тағы да сабар, неге ғана Тілектестен әрі жүрмеді, неге ғана көзіне түсіп еді. Не деген бассызыңык. Уақыт та созылып... // *Рахмет, Тілектес ағай, деп сыйырлады да сөмкелерін сүйретіп джипке міне бастады* // Жүктерінізді қалдырыңыз, деді Тілектес, – жігіттер багажникке салар» (Т.Уәйісов).

Бас тартудан келісуге, қарама-қайшылықтың бір шегінен екіншісіне өту егжей-тегжейлі ашылған, бұл үзіндіні кенейтіп те, терендете түр. Түрлі құрал тартылған. Олардың ішінде ерекше қөзге түсетін әрине, *Рахмет* сөзі. Прагматикалық тұрғыдан бұл энантиосемия: (а) үзіндісінде бас тарту, ал (ә) үзіндісінде келісү. Бұл үзінділерді көршілес деп қарастырып көрелік – ал негізгі мәтінде олар өте алшак, жеке орналасқан. Микроузінділерді (а-ә) зерттеу мақсатында «біріктіру» тілдік тұлғаның эстетикалық тұрғыдан уәжіздігін, ұстамсыздығынан хабар береді: (а) Майра: тез әрі катаң түрде бас тарту керек деп бұйырды өзіне. – *Рахмет*, Тілектес ағай, – деп мінгірледі ол, – мен қалаға таксимен жетемін, *рахмет*. – Түсінбедім, – деді ол бір сәттік үзілістен соң, – Сіз менімен керісейін деп тұрсыз ба? (ә) – *Рахмет*, Тілектес ағай, деп сыйырлады да сөмкелерін сүйретіп джипке міне бастады.

Түрлі қосымша құралдардың контекстіде молынан жұмысалуы арқылы туындаған салыстыру *Рахмет* сөзінің категориялық лексикалық мүмкіндігімен берілген. «Рахмет, ракмет нұсқасы» зат. (1) Ілтипат білдіріп айтылатын ризалық, алғыс[6;476] және сөздіктерде тіркелмеген (2) қарсы шығу, келіспеу, бірденеден, әрекеттен бас тарту мағынасында да жұмысалады [7;179-1806]. Бұл заңды құбылыс қарама-қайшы тілдік тұлғаны сипаттаушы ретінде жұмысалған. Осылайша диалогте жүгіну арқылы, не жүгінбестен тілдік тұлға бойында қарама-қайшылық туындаған береді.

Монолог пен диалогтағы топтардың бөлініуі арасындағы айырмашылық тілдік танымның ерекшелігін сипаттауға да септігін тигізеді. Бұл сала функционалдық тұрғыдан өзгешеленеді. Материалға, сондай-ақ ерекше кешен – қарама-қайшылықты диалог та және басқа да аралас формада ерекше назарға алынатын көлемі ұлғайған

сапалық қырынан оларға ұқсас қарапайым топпен анықталатын құбылыстар да енеді.

ӘДЕБИЕТ

1. *Вайль П.* Принципы фатализма. М.: Лондон: Свобода, 2002. -290с.
2. *Виноградов В.* Перевод. Общие и лексические вопросы. М.: 2004.
3. *Сердюков Л.* Статус молодежи: социокультурные противоречия// Человек и язык. Ростов н/Д: ПИ ЮФУ, 2008.
4. *Павленко Т.* Лексико-фразеологическая регулярность переносных значений// Словесность: традиции и современность. Ростов-на-Дону: РГПУ, 2006.
5. *Aхиезер А.* Россия: критика исторического опыта (Социокультурная динамика России). Т.2. Теория и

методология Словарь. Новосибирск: Новосибирский хронограф, 1998.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Т.5, 6, 7. Алматы, - 1980.

7. *Автономова Н.* О некоторых схемах общения в теории и практике психоанализа //Педагогика. Психология. Коммуникативистика: Новые исследования. Краснодар: КубГУ, 2008.

Резюме

Рассматривает вопрос репрезентации противоречия в монологе, диалоге, которые емко передают взаимодействие контрастов.

Summary

The article examines the question of contradiction representation in monologues, dialogues, that capacious transfer contrasts interaction.